Конкурстық құжаттамаға сатып алынатын тауарлардың техникалық ерекшелігі

Сатып алудың нөмірі:	№ 17998211-1
Сатып алудың атауы:	Атырау облысы Құрманғазы ауданы Сүйіндік ауылындағы Қоянды топтық су желісіне арналған 1 көтеру ұңғымалық сорғы жиынтығын сатып алу
Лоттың нөмірі:	№ 88218658-ЗЦП3
Лоттың атауы:	Сорғы
Лоттың сипаттауы:	ұңғымалық бағаналық, төлкесіз цилиндрмен және тығыздалған тығынжармен бірге, берілуі 50 м3/с-қа дейін
Лоттың қысқаша сипаттауы:	Атырау облысы Құрманғазы ауданы Сүйіндік ауылындағы Қоянды топтық су желісіне арналған 1 көтеру ұңғымалық сорғы жиынтығын сатып алу
Саны, көлемі:	6
Өлшем бірлігі:	Комплект
Жеткізу орны:	234630100, Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Құрманғазы а. КУШЕКБАЕВА 2
Жеткізу мерзімі:	Келісім шартқа қол қойылғаннан кейін 60 күнтізбелік күн ішінде
Функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану мінездемесін сипаттау:	МЕМСТ 22247-96, МЕМСТ 6134-2007 (МЕМСТ ISO 9906), МЕМСТ IEC 60034-30-1-2016, МЕМСТ 14254-2015 Ұңғымалық сорғы станциясы жиынтықта: сорғы агрегаты, сыртта орнатуға арналған басқару шкафы (пульті), деңгей бақылау релесі, күштік кабель, басқару кабелі, термоқысқаратын кабельдік муфта. 1. Сорғы агрегаты Сорғы түрі: ұңғымалық, батырмалы, ортадан тепкіш, көпсатылы. Номиналды өнімділігі (Q) жұмыс нүктесінде: кемінде 6,5 м³/сағ және 7,5 м³/сағ-тан аспауы тиіс. Номиналды арын (H) жұмыс нүктесінде: кемінде 75 м және 95 м-ден аспауы тиіс. Сорғының жұмыс нүктесіндегі пайдалы әсер коэффициенті: кемінде 55 %. Жұмыс нүктесі сорғының ең жоғары пайдалы әсер коэффициентіне сәйкес келетін нүктедегі өнімділіктің 70 %-дан 120 %-ға дейінгі аралығында болуы тиіс. Сорғыны су айдынының деңгейінен төмен батырудың (түсірудің) ең жоғары тереңдігі: кемінде 45 м. Сорғы бөлігінің диаметрі: кемінде 96 мм (3,78") және 105 мм-ден (4,15") аспауы тиіс. Электрқозғалтқыштың диаметрі: кемінде 96 мм (3,78") және 102 мм-ден (4,15") аспауы тиіс. Сорғы бөлігінің корпусы мен қаптамаларының материалы: AISI 304 маркасынан төмен емес тот баспайтын болат. Жұмыс дөңгелектерінің материалы: AISI 304 маркасынан төмен емес тот баспайтын болат немесе ауыз сумен жанасуға сертификатталған тозуға төзімді технополимер. Біліктің материалы: тот баспайтын болат. Кері клапан: кіріктірілген, сорғы агрегатының құрамында. Осьтік жүктемені түсіру: айдалатын ортамен майланатын сырғанау мойынтірегі. Айдалатын сұйықтықтың температурасы: +1 °С-тан +35 °С-қа дейін. Айдалатын орта: абразивті және ұзынталшықты қосындылары жоқ, ауыз су сапасына сәйкес келетін таза су; механикалық қоспалардың мөлшері 50 г/м³-ден аспауы тиіс. Қысымды келте құбырды қосу: бұрандалы, Rp 1¼" немесе Rp 1½". Корпусты, қаптамаларды және жұмыс дөңгелектерін шойыннан және мырышталған болаттан дайындауға жол берілмейді. Бір жиынтықтың құрамы: • ұңғымалық сорғы агрегаты – 1 дана; • сыртта орнатылатын басқару шкафы (пульті) – 1 дана; • сұйықтық деңгейін автоматты бақылау релесі – 1 дана (сыртта орнатылатын басқару шкафының құрамында); • қосуға арналған күштік кабель – 90 м-ден кем емес; • басқару кабелі – 90 м-ден кем емес; • термоқысқаратын кабельдік ұштық муфта – 1 жиынтық. 2. Электрқозғалтқыш Қуаты: кемінде 2,2 кВт және 3,0 кВт-тан аспауы тиіс. Қоректендіру кернеуі: үш фазалы, 400 В ±10 %, 50 Гц. Орындалуы: батырмалы, герметикалық, май толтырылған немесе су толтырылған.

Салқындату: сумен салқындату (айдалатын орта есебінен).
Іске қосу тәсілі: тікелей іске қосу.
Орам оқшаулауының қызуға төзімділік класы: F класынан төмен емес.
Корпустың қорғау дәрежесі: IP68-ден төмен емес.
Сағатына рұқсат етілетін іске қосу саны: кемінде 20 рет.
Қозғалтқыш білігінің тығыздағышы: қосарланған торцевтік тығыздағыш.
3. Сыртта орнатылатын басқару шкафы
Мақсаты: ұңғымалық сорғы агрегатын іске қосу, қорғау және оның жұмысын бақылау.
Номиналды коммутациялық қуаты: кемінде 3 кВт.
Қоректендіру кернеуі: кемінде үш фазалы, 400 В, 50 Гц.
Корпустың қорғау дәрежесі: сыртта орнату кезінде IP65-тен төмен емес.
Сыртта орнатылатын басқару шкафын жылыту жүйесі.
Ток бойынша шамадан тыс жүктемеден қорғау: жылулық реле немесе электрондық қорғау.
«Құрғақ жүрістен» қорғау.
Фазалардың қисаюынан, үзілуінен және дұрыс кезектеспеуінен қорғау.
Қоректендіру кернеуінің жоғарылауынан және төмендеуінен қорғау.
Қысқа тұйықталудан қорғау.
Жұмыс режимдері: жергілікті индикация — «Автоматты» / «Қолмен» / «Өшірулі».
Жұмыс режимдерінің индикациясы: «Жұмыс», «Авария», «Құрғақ жүріс» жарық сигнализациясы.
Байланыс интерфейсінің болуы: кейіннен диспетчерлік басқару жүйесіне қосу мүмкіндігі үшін.
Электрқозғалтқыштың тогын өлшеу және көрсету: амперметр.
Жұмыс уақытын есептегіш: мотосағат есептегіші.
Жалпы авария сигналына арналған шығыс: «құрғақ контакт».
Шкаф құрамындағы сұйықтық деңгейін автоматты бақылау релесі:
• контактілердің коммутацияланатын тогы – кемінде 5 А;
• контактілер конфигурациясы – 1 ауыстырып-қосқыш контакт (1 СО);
• қоректендіру кернеуі – 24…240 В айнымалы/тұрақты ток;
• сезімталдықты бірқалыпты реттеу;
• 35 мм DIN-рейкасына орнату.
Төменгі деңгейге жеткен кезде сорғыны автоматты түрде өшіру және деңгей қалпына келген кезде реттелетін уақыт кідірісімен автоматты түрде қосу.
4. Қосуға арналған күштік кабель
Түрі: батырмалы сорғы агрегаттарына арналған кабель, жалпақ немесе дөңгелек.
Тамыр саны: 4 (үш фазалық және бір қорғаныш жерге тұйықтау өткізгіші).
Тамыр қимасы: кемінде 2,5 мм².
Номиналды кернеуі: кемінде 450/750 В.
Оқшаулама мен қабық материалы: судың және дезинфекциялаушы реагенттердің ұзақ уақыт әсеріне төзімді, ауыз сумен жанасуға рұқсат етілген.
Суда ұзақ уақыт жұмыс істеуге рұқсат етілетін температурасы кемінде +60 °С.
Алюминий өткізгіштері бар кабельдерді қолдануға жол берілмейді.
Материалдардың ауыз сумен жанасуға жарамдылығы қамтамасыз етілуі тиіс.
Жиынтықтағы кабельдің ұзындығы: кемінде 90 м, біртұтас құрылыс ұзындығымен.
5. Басқару кабелі
Түрі: батырмалы қолдануға арналған кабель.
Тамыр саны және қимасы: 1 × 1,5 мм².
Номиналды кернеуі: кемінде 450/750 В.
Оқшаулама мен қабық материалы: сумен ұзақ уақыт жанасуға төзімді; суда ұзақ уақыт жұмыс істеуге рұқсат етілетін температурасы кемінде +60 °С.
Жиынтықтағы кабельдің ұзындығы: кемінде 90 м, біртұтас құрылыс ұзындығымен.
6. Кабельдік ұштық муфта
Түрі: желім қабаты бар термоқысқаратын немесе құймалы.
Жалғастырылатын өткізгіштердің қима диапазоны: 1,5 мм²-ден 6 мм²-ге дейін.
Жалғастырылатын өткізгіштердің саны: 2-ден 4-ке дейін.
Қосылыстың герметикалығы: IP68-ден төмен емес, кемінде 100 м суға батыру тереңдігінде.
Жиынтық құрамы: жалғау гильзалары, термоқысқаратын түтіктер немесе компаунд, монтаждау жөніндегі нұсқаулық.
Жеткізуші Тапсырыс берушінің объектісінде шеф-монтаждау және іске қосу-баптау жұмыстарын жүргізеді, оның ішінде: электр желісіне қосу; құбыржол жүйесіне қосу; сыртта орнатылатын басқару шкафын баптау; қорғау құрылғылары мен деңгей датчигінің жұмысын тексеру;
Тапсырыс берушінің өкілінің қатысуымен жабдықты 72 сағат бойы сынақ режимінде іске қосу.
Сатушының жауапкершілігі тауарды көрсетілген жерге жеткізгеннен кейін аяқталады, бұл ретте тауарды жеткізуге байланысты барлық төуекелдер, шығыстар, салықтар және кедендік ресімдеу Сатушының жауапкершілігінде болады.

	Әлеуетті өнім беруші конкурстық өтінім құрамында жеткізілетін тауардың жаңа және түпнұсқа (өндіруші зауыттан шығарылған) екендігі туралы кепілдік хатты, сапа сертификатын немесе талап етілетін стандартқа сәйкестік сертификатын, сондай-ақ сорғы агрегатының зауыттық жұмыс сипаттамаларын («өнімділік — арын», «өнімділік — пайдалы әсер коэффициенті», «өнімділік — тұтынылатын қуат» қисықтары) ұсынуы тиіс. Қисықтарда жұмыс нүктесі көрсетіліп, пайдалы әсер коэффициентінің ең жоғары мәніне сәйкес келетін нүктедегі өнімділік көрсетілуі тиіс. Тауарды жеткізу кезінде орыс тіліндегі техникалық паспорт және пайдалану жөніндегі нұсқаулық ұсынылады. Тауар жаңа, бұрын пайдаланылмаған болуы және шығарылған жылы шарт жасалған күнге дейінгі үш жылдан аспауы тиіс. Жабдық жоғарыда көрсетілген техникалық сипаттамаларға сәйкес жеткізілуі тиіс. Жеткізу кезінде техникалық паспорт, пайдалану жөніндегі нұсқаулық және 24 ай мерзімге берілетін кепілдік талоны ұсынылады. Өнім беруші тауарды белгіленген мерзімде өзінің күшімен және қаражаты есебінен тағайындалған жерге дейін жеткізуге және тиеп-жөнелтуге міндетті. Қосымша түрде сорғы жабдығын қабылдау-тапсыру сынақтарының хаттамасы ұсынылады. Тапсырыс берушінің объектісінде монтаждау және іске қосу-баптау жұмыстарын орындау, сондай-ақ жабдықты пайдалануға енгізу актісін ресімдеу қамтамасыз етіледі. Өнім беруші 5 (бес) жұмыс күні ішінде ақаулы тауарды немесе сапасы талаптарға сәйкес келмейтін тауарды ауыстыруды қамтамасыз етуге міндетті.

Приложение 2
к конкурсной документации

Техническая спецификация закупаемых товаров к конкурсной документации

Номер закупки:	№ 17998211-1
Наименование закупки:	Приобретение скважинного насоса 1 подъема в комплекте для группового водовода Коянды в селе Суюндук Курмангазинского района Атырауской области
Номер лота:	№ 88218658-ЗЦП3
Наименование лота:	Насос
Описание лота:	скважинный штанговый, с безвтулочным цилиндром и плунжером с уплотнением, подача до 50 м3/ч
Дополнительное описание лота:	Приобретение скважинного насоса 1 подъема в комплекте для группового водовода Коянды в селе Суюндук Курмангазинского района Атырауской области
Количество:	6
Единица измерения:	Комплект
Места поставки:	234630100, Атырауская область, Курмангазинский район, с.Құрманғазы КУШЕКБАЕВА 2
Срок поставки:	В течение 60 календарных дней со дня подписания договора
Описание и требуемые функциональные, технические, качественные и эксплуатационные характеристики закупаемых товаров:	ГОСТ 22247-96, ГОСТ 6134-2007 (ГОСТ ISO 9906), ГОСТ IEC 60034-30-1-2016, ГОСТ 14254-2015 Станция насосная скважинная в комплекте: насосный агрегат, шкаф (пульт) управления уличного типа с реле контроля уровня, кабель силовой, кабель управления, муфта кабельная термоусаживаемая. 1. Насосный агрегат Тип насоса: скважинный, погружной, центробежный, многоступенчатый Номинальная подача (Q) в рабочей точке: не менее 6,5 м³/ч и не более 7,5 м³/ч Номинальный напор (H) в рабочей точке: не менее 75 м и не более 95 м Коэффициент полезного действия насоса в рабочей точке: не менее 55 % Рабочая точка должна находиться в пределах от 70 % до 120 % подачи в точке максимального коэффициента полезного действия насоса Максимальная глубина погружения (спуска) насоса под зеркало воды: не менее 45 м Диаметр насосной части: не менее 96 мм (3,78") и не более 105 мм (4,15") Диаметр электродвигателя: не менее 96 мм (3,78") и не более 102 мм (4,15") Материал корпуса и обойм насосной части: нержавеющая сталь не ниже AISI 304 Материал рабочих колёс: нержавеющая сталь марки не ниже AISI 304 либо износостойкий технополимер, сертифицированный для контакта с питьевой водой Материал вала: нержавеющая сталь Обратный клапан: встроенный, в составе насосного агрегата Осевая разгрузка: подшипник скольжения, смазываемый перекачиваемой средой Температура перекачиваемой жидкости: от +1 °C до +35 °C Перекачиваемая среда: чистая вода питьевого качества без абразивных и длинноволокнистых включений, содержание механических примесей не более 50 г/м³ Присоединение напорного патрубка: резьбовое, Rp 1¼" либо Rp 1½" Не допускается изготовление корпуса, обойм и рабочих колёс из чугуна и оцинкованной стали Состав одного комплекта: – насосный агрегат скважинный – 1 шт.; – шкаф (пульт) управления уличного типа – 1 шт.; – реле автоматического контроля уровня жидкости – 1 шт. (в составе шкафа управления уличного типа); – кабель силовой подключения – не менее 90 м; – кабель управления – не менее 90 м; – муфта кабельная оконцевательная термоусаживаемая – 1 комплект. 2. Электродвигатель Мощность: не менее 2,2 кВт и не более 3,0 кВт Напряжение питания: трёхфазное, 400 В ±10 %, 50 Гц Исполнение: погружной, герметичный, маслонаполненный либо водонаполненный Охлаждение: водяное (за счёт перекачиваемой среды) Способ запуска: прямой Класс нагревостойкости изоляции обмоток: не ниже F

Степень защиты корпуса: не ниже IP68
Допустимое количество пусков в час: не менее 20
Уплотнение вала двигателя: двойное торцевое
3. Шкаф управления уличного типа
Назначение: запуск, защита и контроль работы скважинного насосного агрегата .
Номинальная коммутируемая мощность: не менее 3 кВт
Напряжение питания: не менее трёхфазное, 400 В, 50 Гц
Степень защиты корпуса: наружной установке — не ниже IP65
Система обогрева шкафа управления уличного типа
Защита от перегрузки по току (тепловое реле либо электронная защита)
Защита от работы «всухую» (сухого хода)
Защита от перекоса, обрыва и неправильного чередования фаз
Защита от превышения и понижения напряжения питания
Защита от короткого замыкания
Режимы работы: Местная индикация «Автоматический» / «Ручной» / «Отключено»
Индикация режимов работы: световая сигнализация «Работа», «Авария», «Сухой ход»
Наличие интерфейса связи для последующей диспетчеризации
Наличие; Измерение и индикация тока электродвигателя амперметр,
Счётчик наработки в моточасах,
Выходной «сухой контакт» для передачи сигнала общей аварии
Реле автоматического контроля уровня жидкости в составе шкафа: коммутируемый ток контактов не менее 5 А, конфигурация контактов 1 переключающий (1 СО), напряжение питания 24…240 В переменного/ постоянного тока, плавная регулировка чувствительности, монтаж на DIN-рейку 35 мм
Автоматическое отключение насоса при достижении нижнего уровня и автоматическое включение при восстановлении уровня с регулируемой выдержкой времени .
4. Кабель силовой подключения
Тип: кабель для погружных насосных агрегатов, плоский либо круглый
Количество жил: 4 (три фазных и защитный проводник заземления)
Сечение жил: не менее 2,5 мм². Номинальное напряжение: не менее 450/750 В. Материал изоляции и оболочки: стойкие к длительному воздействию воды и дезинфицирующих реагентов, допущены к контакту с питьевой водой.длительно допустимая температура в воде не менее +60 °C Не допускается применение кабеля с алюминиевыми жилами. Пригодность материалов для контакта с питьевой водой
Длина кабеля в комплекте: не менее 90 м, единой строительной длиной
5. Кабель управления
Тип: кабель для погружного применения
Количество жил и сечение: 1 × 1,5 мм²
Номинальное напряжение: не менее 450/750 В
Материал изоляции и оболочки: стойкий к длительному контакту с водой; длительно допустимая температура в воде не менее +60 °C
Длина кабеля в комплекте: не менее 90 м, единой строительной длиной
6. Муфта кабельная оконцевательная
Тип: термоусаживаемая с клеевым подслоем либо заливная
Диапазон сечений соединяемых жил: от 1,5 мм² до 6 мм²
Количество соединяемых жил: от 2 до 4
Герметичность соединения: не ниже IP68 при глубине погружения не менее 100 м
Комплектность: соединительные гильзы, термоусаживаемые трубки либо компаунд, инструкция по монтажу
Поставщик осуществляет шефмонтаж и пусконаладочные работы на объекте заказчика, включая: подключение к электрической сети, подключение к трубопроводной системе, настройку шкафа управления уличного типа, проверку работы защит и датчика уровня, тестовый запуск в течение 72 часов. оборудования в присутствии представителя заказчика.
Потенциальный поставщик в конкурсной заявке должен предоставить гарантийное письмо о том, что поставляемый товар новый и оригинальный (с завода-изготовителя), сертификат качества либо соответствия требуемому стандарту, а также заводские рабочие характеристики насосного агрегата (кривые «подача — напор», «подача — коэффициент полезного действия», «подача — потребляемая мощность») с нанесённой рабочей точкой и указанием подачи в точке максимального коэффициента полезного действия.
При поставке товара предоставляются технический паспорт и инструкция по эксплуатации на русском языке.
Товар должен быть новым, неиспользованным, год выпуска не ранее (до трёх лет) до даты заключения договора.
Поставка оборудования согласно вышеуказанным техническим характеристикам с предоставлением технического паспорта, руководства по эксплуатации и гарантийного талона на 24 месяца.

	Поставщик обязан поставить и отгрузить товар собственными силами и средствами до пункта назначения в установленные сроки. Дополнительно предоставляется протокол приёмо-сдаточных испытаний насосного оборудования. Выполнение монтажных и пусконаладочных работ на объекте заказчика с оформлением акта ввода оборудования в эксплуатацию. Поставщик в течение 5 (пяти) рабочих дней обязуется обеспечить замену неисправного товара или товара ненадлежащего качества